Текстовый вид видео: Иттің қай жері нәжіс?

Тимур Алиев

Ханафи мазхабында иттің толық өзі емес, сілекейі ғана нәжіс болып саналады. Сондықтан оның келіп сізді иіскеуі, денесімен сүйкенуі дәретті бұзбайды. Тіпті сілекейін жағып кетсе де дәрет бұзылмайды. Сілекейі қолыңызға, денеңізге тиіп кетсе сол жерді ғана тазартып, жуып қоясыз. Ал,киімге жағылған иттің сілекейі алақан аясындай көлемде болса, бір дирхам көлемінде, онда ол жерді тазалап, жуып нәжістен кетіріп намаз оқи беруіңізге болады. Әрине киім ауыстырғаныңыз абзал болады, бірақ бұл жағдайда дәрет жаңартудың қажеті жоқ. Ал, енді иттің жүні мазхабымызда таза саналады, сол себепті иттің жүнінен тоқылған нәски немесе белбеуді емдік мақсатта қолдануға рұқсат